

## Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы есеп

«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ

(ЖОО атауы)

жанындағы 6D110400 – Фармация, 6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтары бойынша кадрларды даярлау бағыты бойынша Диссертациялық Кеңес.

Қарағанды медицина университеті Сенатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 9 хаттамалық шешімімен 6D110400 – Фармация, 6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы бекітілді:

Серғазы Мыңжасарұлы Әдекенов – кеңес төрағасы, химия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, профессор.

Светлана Александровна Ивасенко – кеңес төрағасының орынбасары, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор.

Анар Никанбайқызы Жабаетаева – ғалым хатшы, фармацевтика ғылымдарының кандидаты.

Диссертациялық кеңеске 6D110400 – Фармация, 6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтары бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген.

### 1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ Диссертациялық кеңесінде 2 (екі) отырыс өткізілді.

### 2. Өтырыстардың жартысынан азына қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелері – жоқ.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

Диссертациялық кеңесте есепті кезең ішінде 1 диссертациялық жұмыс қаралды.

№	ТАӘ	Диссертацияның атауы	Ғылыми кеңесшілер	Оқу орны
1	Жанар Рахимқызы Шаймерденова	Тықыр жусан терпеноидтары негізіндегі жаңа дәрілік заттар және оларды өндіру технологиясы	Серғазы Мыңжасарұлы Әдекенов – ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің бас директоры (Қарағанды қ., Қазақстан). Темель Озек – PhD, Анадолу университетінің профессоры, дәрілік өсімдіктер мен препараттарды ғылыми зерттеу орталығының директоры (Түркия, Ескишехир қ.).	«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ

### 4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Жанар Рахимқызы Шаймерденованың «Тықыр жусан терпеноидтары негізіндегі жаңа дәрілік заттар және оларды өндіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы тықыр жусанның дәрілік өсімдік шикізатын кешенді өңдеу технологиясын жетілдіруге және биологиялық белсенді заттарды өндіруге, олардың негізінде жаңа дәрілік препараттарды жасау үшін перспективті, іс жүзінде құнды қасиеттері бар субстанцияларды алуға арналған.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс «Фитохимия» ХҒӨХ» АҚ негізінде 2015-2017 жылдарға арналған О.0676 «Жаңа фармакологиялық қосылыстарды – бірегей дәрілік препараттардың субстанцияларын және олардың стандартты үлгілерін жасау» ҒТБ; 2018-2020 жылдарға арналған О.0820 «Жаңа фитопрепараттарды жасау мен оларды фармакологиялық және клиникалық зерттеу» ҒТБ; 2018-2020 жылдарға арналған № АР05130575 «Өсімдіктердің эфир майларынан жаңа биологиялық белсенді қосылыстарды бөліп алу мен сәйкестендірудің тиімді әдістерін жасау» гранттық жобасының шеңберінде орындалды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:

«Қарағанды фармацевтикалық зауыты» ЖШС негізінде көмірқышқыл сығындысын кешенді қайта өңдеу негізінде тықыр жусан эфир майы субстанциясының тәжірибелік өндірісі ұйымдастырылды (ТӨР-ФД 65005037Р-07-18).

Диссертациялық жұмыстың материалдары «Өсімдік заттарының химиясы мен технологиясы» ІХ бүкілресейлік ғылыми конференциясында (Мәскеу, 2015 ж. 28-30 қыркүйек); «Өсімдік шикізатының химиясы мен химиялық технологиясындағы жаңа жетістіктер» халықаралық қатысуымен VII бүкілресейлік конференциясында (Барнаул, 2017 ж. 24-28 сәуір); «Органикалық химияның заманауи мәселелері» халықаралық қатысуымен бүкілресейлік ғылыми конференциясында (Новосибирск, 2017 ж. 5-9 маусым); «Денсаулық сақтау технологияларын дамытудың заманауи тенденциялары» халықаралық қатысуымен жетінші ғылыми конференциясында (Мәскеу, 2019); XIII International Symposium on the Chemistry of Natural Compounds (Shanghai, 16-19 October 2019) баяндалды.

Жарияланымдар. Диссертация материалдары бойынша 11.03.2020 ж. № 2020/0165.1 ҚР патентіне өтінім берілді.

Диссертацияның негізгі ережелері келесі жарияланымдарда көрсетілген:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы 3 мақала;
- Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін шетелдік ғылыми басылымдардағы 3 мақала;
- 6 баяндаманың тезистері, оның ішінде халықаралық конференция материалдарындағы 2 баяндаманың тезистері.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

«ҚМУ» КЕАҚ Диссертациялық кеңесінің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді. Рецензенттер болып тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері, атақтары және жарияланымдары бар оқу және ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары тағайындалды.

Рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар тандалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда баяндалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсыныстар

негізділігінің дәрежесін, олардың жаңалығын, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытындыны бағалады.

Докторанттардың ресми рецензенттерінің барлық пікірлері белгіленген мерзімде берілген.

«ҚМУ» КЕАҚ диссертациялық кеңесі рецензенттердің кәсібилігінің жоғары деңгейін және барлық рецензенттердің мамандығы бойынша терең білімі мен жетістіктері бар екенін, ғылыми бірбеткейлікті көрсете отырып, дәлелді қорытынды беруге қабілетті екенін атап өтті.

Рецензенттердің сапасыз пікірлері жоқ. Диссертациялық жұмыстарға теріс пікірлер жоқ.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Жоқ.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

	6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1

«Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 19 тамыздағы № 353 бұйрығымен Жанар Рахимқызы Шаймерденоваға 6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Мөр мерзімі 2023 жылғы «12» мамыр



С.М. Әдекенов  
А.Н. Жабаева